

**Жанатаева К.Б.**

аға оқытушы, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Түрксой кафедрасы,  
Қазақстан, Алматы қ., e-mail: Guljan73@inbox.ru

**Х. МҮБАРАК ТҰСЫНДАҒЫ  
МЫСЫР–ИЗРАИЛЬ ҚАТЫНАСЫНЫҢ  
АЙМАҚТЫҚ АСПЕКТІСІ**

Египет Израильдің егемендігін мойындаған алғашқы араб елі болды. Бұл өз кезегінде Каирдің көршілерімен және Кеңес Одағымен жақсы қарым-қатынастағы өзіндік құны ретіндегі батыл шешім саналды. Алайда, Синайдың қайтарылуы және АҚШ тарапынан елеулі қаржылық қолдауға ие болуы сынды артықшылықтар Египет үшін маңызды болды. Осыдан 37 жыл бұрын, 1980 жылдың 26 ақпанында Египет пен Израиль толық дипломатиялық қарым-қатынас орнатты. Ол араб әлеміндегі алдын ала 1979 жылы 26 наурызда қол қойылған Каир мен Тель-Авив арасындағы бейбіт келісімнің жалғасы болды. Араб әлемінде бұл оқиғалардың екеуі де «сатқындық» деп қабылданды. Бұл келісімді 1948 жылы Палестина аумағында Израиль мемлекетін құрған сәттен бастап «сионистік жауларға» қарсылық көрсеткен көшбасшы араб мемлекеті және территориясында Араб елдері лигасының (АЕЛ) және Палестинаны Азат ету ұйымының (ПАҰ) штаб-пәтері орналасқан аймақтағы шешуші ел жасаған еді. Х. Мұбарак билікке келгеннен кейін Израильмен келісімді сақтай отырып, біртіндеп араб әлемімен қарым-қатынасын түзете алды. Ал кейіннен Кэмп Давид келісімдері Израиль мен араб әлемі арасындағы келіссөз үдерісінің басталуына әкелді.

**Түйін сөздер:** Египет Араб Республикасы, Израиль, араб әлемі, Кэмп-дэвид келісімі, дипломатиялық қатынастар, сыртқы саясат, келісімдер.

Zhanataeva K.B.

Senior Lecturer, Department of the Turksoy, Al-Farabi Kazakh national university,  
Kazakhstan, Almaty, e-mail: Guljan73@inbox.ru

**Regional aspect of the relations of Egypt and Israel under H. Mubarak**

Egypt became the first Arab country to recognize the sovereignty of Israel. This was a bold decision, which cost Cairo good relations with its neighbors and the USSR. However, the benefits were significant – the return of Sinai and substantial financial support from the US. 37 years ago, on 26 February 1980 y. Egypt and Israel established full diplomatic relations. This was the first example of this kind in the Arab world, as was the previous peace treaty between Cairo and Tel Aviv, concluded on 26 March 1979 y. In the Arab world, both of these events were perceived as «betrayal.» It was committed by the key country in the region, which since the establishment of Israel in the Palestinian territories in 1948 was the leader of the Arab resistance to the «Zionist enemy» and on the territory of which located the headquarters of the League of Arab States (LAS) and the Palestine Liberation Organization (PLO). Coming to power H. Mubarak kept the treaty with Israel, gradually was able to straighten relations with the Arab world. Later it was the Camp David agreements that initiated the negotiation process between Israel and the Arab world.

**Key words:** Arabic Republic of Egypt, Israel, Arab world, Camp David Agreement, diplomatic relations, foreign policy, agreements.

Жанатаева К.Б.

старший преподаватель кафедры Тюркской,  
Казахский национальный университет имени аль-Фараби,  
Казахстан, г. Алматы, e-mail: Guljan73@inbox.ru

**Региональный аспект взаимоотношений Египта и Израиля  
при Х. Мубарака**

Египет стал первой арабской страной, признавшей суверенитет Израиля. Это было смелое решение, стоившее Каиру хороших отношений с соседями и СССР. Однако и выгоды были значительными – возвращение Синая и существенная финансовая поддержка со стороны США. 37 лет назад, 26 февраля 1980 года, Египет и Израиль установили полные дипломатические отношения. Это был первый пример такого рода в арабском мире, как и предшествовавший этому мирный договор между Каиром и Тель-Авивом, заключенный 26 марта 1979 года. В арабском мире оба этих события были восприняты как «предательство». Причем совершила его ключевая страна региона, которая с самого момента создания Израиля на палестинских территориях в 1948 году была лидером арабского сопротивления «сионистскому врагу» и на территории которой располагались штаб-квартиры Лиги арабских государств (ЛАГ) и Организации освобождения Палестины (ООП). Пришедший к власти Х. Мубарак сохранил договор с Израилем, постепенно смог выправить отношения с арабским миром. А позже именно Кэмп-дэвидские соглашения положили начало переговорному процессу между Израилем и арабским миром.

**Ключевые слова:** Египетская Арабская Республика, Израиль, арабский мир, Кэмп-дэвидское соглашение, дипломатические отношения, внешняя политика, договоры.

Египеттің аймақтық сыртқы саясатында Израильмен қарым-қатынасы маңызды рөл атқарды. II дүниежүзілік соғыстан кейін Таяу Шығыста қалыптасқан геосаяси жағдай Египет пен Израиль арасын алшақтата түсті. Екі ел арасындағы келіспеушілік 1948 жылы, 1956 жылы, 1967 жылы және 1973 жылдары жүргізілген соғыстарға ұласып жатты. Бірақта 1973 жылы Египет пен Израиль арасында өткен «қазан соғысы» нәтижесінде нақты жеңімпаздың айқындалмауы, әрі египет әскерінің әлсіздігі және соғыс техникасының ескілігі Әнуар ас-Садатты ойландыра түсті. Барлық араб еліне ауыр тиген 1967 жылы «алты күндік соғыс» деп аталатын араб-израиль қақтығысында басып алынған Египетке тиесілі – Синай түбегін соғыс өрті арқылы емес, бейбіт жол арқылы қайтарып алу өте маңызды болды.

1977 жылы 9 қарашада парламентте Садат бейбітшілік орнату үшін Израильге баратындығын мәлімдеді. 19 қарашада Египет президенті Тель-Авивке тарихи сапарын жасап, 20 қарашада израиль кнессетінде бейбіт бітім орнатуға шақырды. Осыдан кейін бұған жауап ретінде 1977 жылы желтоқсанда Израиль премьер-министрі Менахем Бегин Каирге келді. Осы екі жақты байланыстың нәтижесінде 1978 жылы 17 қыркүйекте Кэмп-Дэвидте египет-израиль келіссөзі жүргізіліп, «Египет пен Израиль арасында бейбітшілік келісіміне келу шектері» және «Таяу Шығыстағы бейбітшілік шегі» деп аталатын құжаттарға қол қойылды [1].

Осыдан бастап АҚШ президенті Дж. Картер өзінің делдалдығымен екі жақ арасында бейбіт бітім орнату бойынша көптеген шаралар жүргізген болатын. Бірақ египет-израиль бейбіт келісіміне белгіленген уақытта қол қойылмады. Вашингтон келіссөз үрдісінде қанша тырысқанымен екі жақ бірнеше кездесулер барысында ортақ шешімге келе алмады. 1979 жылы 26 наурызда АҚШ өзінің делдалдығымен Египет-Израиль арасындағы бейбіт бітім орнатуға қол жеткізді. Египет Израиль мемлекетінің де-юре және де-факто құқығын мойындаған бірінші араб елі болды. 1980 жылы екі жақ елшіліктермен алмасты. Бейбіт келісім бойынша Израиль үш жыл ішінде бұрын басып алынған Синай түбегінен өз әскерлерін әкетуге міндет алды [2].

1981 жылы жазда израиль ұшақтары Бейрутты бомбылаған кезде Египет пен Израиль 3 тамызда Вашингтонда келісімге қол қойды. Бұл келісім Синайдағы бақылаушылар мен көпұлтты күштердің орналасуының негізін қалады.

АҚШ-тың делдалдығымен жүргізілген екі ел арасындағы бейбіт бітім Египет үшін стратегиялық табыс әкелгенімен, жеке басы үшін Садатқа қайғы әкелгені мәлім.

Жаңа президент Хосни Мұбарак үкімет басына келгеннен кейін аймақтық екі ел арасындағы қатынас тұтастай Таяу Шығыстағы жалпы жағдайға қатысты болды. Сыртқы саясатында «сақтық» саяси ұстаным ұстанған жаңа басшы Тель-Авивпен қатынаста айтарлықтай алшақтық

ұстауды жөн көрді. Сол себептен де Мұбарак 1982 жылы Израиль премьер-министрі Менахем Бегиннің Иерусалимге шақырған ұсынысын қабылдамай, «Израиль астанасы» статусын мойындаудан бас тартты. Бір жағынан осындай сыртқы саяси бағыт жалпы араб мүддесін қорғауға бағытталғаны анық. Ал бұл өз кезегінде араб елдерінің назарынан сырт қалмайтыны түсінікті еді. Сондай-ақ бұл бағыт Мысырға бауырлас араб елдері алдында жоғалтқан беделін біртіндеп қайтаруға мүмкіндік берді. Египет Израильдің басып алынған аудандардағы палестина қозғалысын басуға бағытталған саясатын сынға алды. Жаңа қоныстар тұрғызу сынды еврей елінің әрекеттерін әшкереледі.

Жаңа мысырлық дипломатия Израильден БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесі жариялаған 242 және 338-ші қарарлар негізінде мақұлданған палестина ұйымының кез келген келіссөздеріне қатысуға келісуін, сондай-ақ ПАҰ-мен қатынас орнатуын талап етті. Израиль Египеттің «таяушығыс шиеленісіне» қатысты ұстанымының осылайша күрт өзгеруіне қатаң мән берді. Орыс ғалымы Е. Дмитриевтің жазуынша: «Израильдің премьер-министрі М. Бегин өзінің ЕАР президенті Х. Мұбаракқа жолдаған «достық жолдауларында» егер де египет басшылығы таяушығыс мәселесі бойынша сыртқы саясатында АҚШ пен Израиль ұсынған саясаттан бас тартатын болса, израиль танктері қайтадан Суэц каналы жағалауына оралатынын бірнеше мәрте мәлімдеген болатын [3]. Дегенмен бұған қарамастан, уақыт көрсеткендей 1982 жылы 25 сәуірде израиль әскерлері Синай түбегінен шығарылды. Бірақта бейбіт келісім пункттеріне сәйкес жасалған шаралар бұл аумаққа толықтай Египет егемендігін құруға мүмкіндік бермеді. Египет жағынан Израильмен шекара бойында 20 шақырымнан 40 шақырымға дейін ендікте қарусыздандырылған аймақ құрылды. Египетке Синайдың қалған бөлігінде шектелген көлемде қарулы күш ұстауға рұқсат етілді. ЕАР-ның қорғауындағы шекара Суэц каналынан 50 шақырымды құрады. Қарусыздандырылған аймаққа БҰҰ-ның басшылығымен көпұлтты күштер (КҰК) енгізілді.

Египет пен Израиль қатынасындағы жаңа қайшылық 1982 жылғы ливан дағдарысынан басталды. 1982 жылы 6 маусымда израильдік 85 мың әскер Ливан территориясын басып алған болатын. Өзінің әскери басымдылығын пайдалана отырып, Бейрутқа дейін енген еді [4].

Хосни Мұбарак Израильдің бұл басқыншылық әрекетін қатаң сынға алды. Ол Тель-

Авивтен тез арада соғыс өртін тоқтатуды және ливан аумағынан әскерлерін әкетуді талап етті. Израильмен қатынасын тоқтатуға шешім қабылдап, Каир палестина мәселесіне қатысты өз ұстанымын қатаңдата түсті. Ливан жерінен әскерлерін толықтай әкетпегенше палестина автономиясы туралы келіссөзді үзді. Екі ел арасындағы туризм, мәдени байланыс бойынша ресми өкілдерінің сапарлары саны қысқарды. Мысыр мерзімдік басылымдарында Бегин үкіметі саясатын қатаң сынға алған мақалалар жиі жарияланды. Ал 1982 жылғы қыркүйектегі Сабр мен Шатилдегі босқындар лагеріндегі қанды қақтығыстан кейін египет басшылығы Израильден өз елшісін шақырып алды. Бұл әрекетпен Мұбарак араб елдеріне қатысты кез келген жауыздық әрекетке жол бермейтіндігін білдірткісі келді. Бегин үкіметінің бұл басқыншылық саясатын кейбір американ ресми өкілдері де қолдамаған еді. Египеттегі АҚШ-тың бұрынғы елшісі (1973-1979 жж.) Герман Эйлтс: «Кэмп-Дэвид келісімі де, египет-израиль бейбіт бітімі де Израильге араб елдеріне қатысты басқыншылық әрекет жасауға құқық берген жоқ және ал елшіні шақырып алу Мұбаракқа қалған жалғыз саяси шара еді», – деп египет үкіметінің ұстанған бағытын қолдағанын білдірткен болатын [5].

Каир 1982 жылы Тель-Авивпен үзілген қатынасты реттестіру мақсатында үш шарт ұсынды: 1) Таба мәселесін реттестіру; 2) Оңтүстік Ливаннан сөзсіз толық әскерлерін шығару; 3) палестина өкілдерін міндетті түрде палестина мәселесін реттестіру бойынша келіссөздерге қатыстыра отырып, мәселені шешу болды. Бұл шарттар біртіндеп қабылданды. Израиль тек бірінші шартты ғана орындауға келісім берді. Оның өзі де біраз қиындық туғызды. Акаб шығанағындағы Таба аумағы шамамен 1 шаршы шақырым жерді ғана құрағанмен, мысырлықтар үшін маңызды зор болды. Өйткені ол туристерді қабылдайтын шипажайлы жер болатын. Кэмп-Дэвид келісімі бойынша бұл аумақ Египетке кетуі керек еді. Бірақ израиль басшылығы бұл жерді тарихи еліне қайтарудан бас тартты. 1982 жылдың сәуірінен 1986 жылғы қыркүйек бойы АҚШ бақылаушыларының қатысуымен Таба мәселесі бойынша төрт кезеңнен тұратын келісім жүргізілді [6].

АҚШ-тың қысымымен 1986 жылы қыркүйекте Мұбарак Александрияда Израильдің премьер-министрі Ш. Переспен кездесті. Бұл 1981 жылғы тамыздан кейінгі екі ел жоғары басшыларының алғашқы байланысы еді. Бұл

кездесуде Израиль мен Египет Таба мәселесін халықаралық арбитраж сотына қарауға беруге келісті. Сондай-ақ кездесуде израильдік премьер-министр Каирдің бұрыннан бері талап етіп келе жатқан Таяу Шығыс мәселесі бойынша халықаралық конференция шақыру туралы мәселесін қарастыруға уәде берді. Бұған жауап ретінде египет басшылығы 1982 жылғы ливан дағдарысы кезінде шақырып алынған өзі елшісін Тель-Авивке қайтаруға шешім қабылдады. Халықаралық арбитраж комиссиясының құрамына үш тәуелсіз және Египет пен Израильден бір-бірден мүше кірді. 1987 жылы мамырда екі жақ комиссия алдында өздерінің бұл территорияға иелік құқықтарын дәлелдейтін дәйектерін ұсынды. Бірақ екі ел ешқандай келісімге келген жоқ. Таба Египеттің бөлігі, бірақ Израильдің де бұл аймаққа құқығы бар деген американдық жоспар жоққа шығарылды. Комиссия Таба мәселесін екі жылдай қарастырып, тек 1988 жылы 28 қыркүйекте дау-дамай туғызған аумаққа қатысты Египеттің заңды және тарихи құқығы бар екендігін дәлелденген шешім қабылдады. Бұл шешім түпкілікті 1989 жылы наурызда заңдастырылды.

Хосни Мұбарак бірнеше мәрте ресми түрде Израильге шақыру алғанымен билікке келгеннен кейін ұзақ жылдар бойы бұл аймақ елінің шақыруын қабылдамады. Ол Израильдің премьер-министрі Ицхак Шамирмен кездесуден бас тартқанымен, 1986 жылдан 1989 жыл бойы екі рет оның саяси қарсыласы Шимон Переспен кездескен болатын. Тек 1989 жылы желтоқсанда Хосни Мұбарак егер де таяушығыстық шиеленісті реттестіруге өзінің сапары көмегін тигізетін болса, Израильге баруға даяр екендігін мәлімдеді.

1990 жылы маусымда Ликуд блогынан құрылған жаңа Шамир үкіметі билікке келген соң, Каир Израиль Таяу Шығыста жаңа соғыс бастайды деп Тель-Авивті айыптады. Екі ел арасында шиеленісті жағдай қалыптаса бастады. Египет президенті Ликуд оңшыл ұлттық партиясының жетекшісімен кездесуден бас тартқанымен, сыртқы істер министрі және БҰҰ, партия аралық желістер және экономика аралық ведомствалар арқылы өзінің ресми байланысын сақтап қалды.

1992 жылы кнессетте Ицхак Рабин бастаған солшыл Еңбек партиясы жеңіске жеткеннен кейін екі жақ қатынасында жылулық сезіле басталды. Бұл партияның өкілдерімен тығыз байланыс Садат тұсында орнаған болатын. Египет басшылығының еңбек партиясы өкілдерімен

алғашқы кездесуі Бутрос Галидің ұсынысы бойынша 1980 жылы 7 қарашада Каирде өткен болатын. 1992 және 1993 жылдары екі мемлекеттің басшылары кездесуі жүргізіліп, сыртқы істер министрлерінің ресми сапарлары басталды. Бірақ, бұған қарамастан Амманда өткен жалпыарабтық саммитте Амр Мұса араб басшыларын Израильмен экономикалық байланыстарын жасауға асығыстық танытпау керектігін ескертті. Оның пікірінше, ең алдымен израильдік ядролық бағдарламаны тоқтату керек және оңтүстік Ливан мен Голан биіктігі мәселелерін реттестіруге керек болатын.

Египет пен Израиль арасындағы экономикалық байланыс 90-шы жылдары дегенмен айтарлықтай деңгей болған жоқ. Бір жағынан өнеркәсіп даму деңгейінің төмендігінен Египет тауарларының саны шектеулі болса, екінші жағынан израиль тауарлары ресми басшылық тарапынан да египет қоғамының тарапынан да тоқырауға ұшырады. 1998 жылдан бастап екі жақты экономикалық қатынас одан әрі құлдырай түсті. Егер 1997 жылы Египеттен Израильге жіберілетін экспорт 312,2 млн долларға жетсе, 1998 жылы 132,7 млн долларды құрады. Ал ЕАР-ға жіберілетін Израиль экспорты 1997 жылы 41,6 млн доллар болса, 1998 жылы 19,5 млн долларға төмендеді [7].

1993 жылдан бастап үзіліспен жүргізіліп келген Египет-Израиль газ құбырын жүргізу жобасы қайта іске қосылып, 463 шақырым ұзақтықты құрайтын газ құбырын салу қарастырылды. Оның ішінде 42 шақырым құбыр Газа секторына тартылуы қажет болды. Бұл құрылыс 1998 жылы аяқталуы тиіс еді, бірақ үкімет басына Б. Нетаньяху үкіметі келгеннен кейін аймақтағы саяси жағдайдың нашарлай түсуінен 1996 жылы бұл құрылыс кейінгі мерзімге қалдырылды. Құбыр батыс Порт-Саидтен басталып, Суэц каналы мен Синай түбегі арқылы израильдік Хайфа қаласына дейін жүргізілуі тиіс еді. Кейіннен бұл құбыр Бейрутке дейін созылуы керек деген жоба да бар. Бағасы 0,88-1 млрд долларды құрайтын бұл жобаны іске асыру үшін египет және израиль компаниялары «Жерорта теңізі газы» жоспарын да құрған еді. Нетаньяху үкіметі биліктен кеткеннен кейін египет жағы Тель-Авивпен бұл жобаны жалғастыруға даяр екендігін білдірткен болатын. Бірақ ХХІ ғасырдың басында қалыптасқан Таяу Шығыстағы жағдай салдарынан аталған жоба әлі күнге дейін іске асырылған жоқ.

90-шы жылдары АҚШ-тың таяушығыстық саясатында араб әлемімен жақындасу үрдісі байқала бастады. 1993 жылы Ослода өткен Таяу

Шығыс бойынша халықаралық конференцияда палестина-израиль шиеленісін реттестіру бойынша бірқатар шаралар жасалынды. 1993 жылы 13 қыркүйекте Ақ үй алаңында ПАҰ мен Израиль арасындағы бейбіт келісімге қол қою салтанаты өтті. Онда Газа секторы мен Иерихон қаласында палестинаға автономия құқығын беру туралы қарастырылды. Осылайша палестина-израиль қатынасында айтулы бетбұрыс болып, Палестина автономия құқығын иеленді. Әрі Осло келісімі Таяу Шығыстағы кең көлемдегі бейбітшілік процесінің басталуына жол ашты. Сонымен бірге, көптеген палестиналықтардың қол созған арманы – тәуелсіз палестина мемлекетін құру үміттерінің жүзеге асуына сенім ұялатты. Ослодағы келісімнің XII бабында келесі келіссөз үрдісінде Египет және Иорданиямен тығыз ынтымақтастықтың қажеттілігі көрсетіледі [8].

1990-шы жылдары Египеттің территориясында таяушығыстық мәселеде ілгерілеушілік танытқан бірнеше рет палестина-израиль келіссөздері жүргізілді. 1994 жылы 4 мамырда Каирде Газа секторы мен Иерихон үшін өзін-өзі басқару туралы, 1995 жылы 28 қыркүйекте Табада алты палестиналық қалалардан израильдік әскерлерді шығару бойынша келісімдерге қол қойылды.

Осыдан кейін көптеген араб елдері Израильмен байланыс жасай бастады. 1994 жылы Иордания мен Израиль арасында бейбіт келісімге қол қойылды. Израиль иордандық әл-Бакур және әл-Гамра қалаларынан өз әскерлерін шығарды. Сондай-ақ Дамаск пен Тель-Авив арасында келіссөздер жүргізіле бастады. Бейбіт үдерісті алға жылжытуда Египет үлкен рөл атқарды. БҰҰ-ның Бас Ассамблеясында Шимон Перес «Египетпен біздің арамызда бейбітшілік орнағалы бері он үш жыл өтіпті, біз бұл мемлекетпен оның президентіне болып жатқан жағдайға шынайы, әрі түсіністікпен қарағанына алғыс білдіреміз» деп мәлімдеді [9].

Египеттік туристердің Израиль еліне сапарлары екі жақтық қатынасты жылыта түсті. 1996 жылы Израильдегі египеттік туристердің саны 17000-ды құраса, ал Египеттегі израильдік туристердің саны 150000 мың адамға жетті.

1999 жылы маусымдағы сайлауда Эхуд Барак жеңіске жеткеннен кейін египет-израиль қатынасында жылулық лебі сезіле бастады. Хосни Мұбарак солшыл күштердің жеңіске жеткеннен кейін келіссөз үрдісінің біржақты жолға түсетініне сенім білдірді. 1999 жылы жазда Вашингтонда Клинтонмен кездесу барысында

Мұбарак «Израиль қауіпсіздігіне тек Палестина мемлекетінің құрылуы кепілдік беретінін, ал аймақтағы тәртіпсіздікті тоқтатудың басқа тәсілі жоқ» екендігін мәлімдеді [10]. Израиль үкімет басшысы Барак басып алынған жерлерде жаңа қоныстар салуды тоқтауды жариялай отырып, палестиналықтармен келіссөздер жүргізе бастады. 2000 жылы тамызда америка президенті өзінің жазғы резиденциясында палестина-израиль келіссөзін жүргізе отырып, 1978 жылғы Кэмп-Дэвид келісімін қайталауға әрекеттенді. Бірақ екі жақ ортақ келісімге келмегендіктен, келіссөз сәтсіз аяқталды. 2000 жылы 20 қарашада лаңкешілер тарапынан израиль автобусының жарылуы саяси жағдайды шиеленістіре түсті. Барак үкіметі Газадағы бірқатар әскери нысандар мен теледидар станциясын атқылауға шешім қабылдады. Бұған жауап ретінде Египет, Иордания Тель-Авивтен өз елшіліктерін шақыртып, Тунис, Оман және Марокко елдері Израильдегі өз өкілдіктерін жапты. Енді Мұбарак израиль-палестина келіссөзін Египет аумағында ұйымдастыруға әрекеттенді. Бірақ 2001 жылы қаңтарда Табада өткен келіссөз еш нәтиже берген жоқ.

Израильде Ариел Шаронның билікке келуі палестиналықтардың арадағы шиеленісті бейбіт жолмен реттестіру үмітін жойды. Оның келіссөзді үзуі таяушығыстық шиеленістің ушығуына әкелді. 2001 жылы наурызда Каирге Шимон Перес пен премьердің жеке елшісі Шабтай Шавиттің («Мосадтың» бұрынғы басшысы) сапары барысында палестина мәселесі бойынша екі жақ жақындаса түскендей болды. Бірақ Мұбарак Шаронға қатысты өзінің теріс көзқарасын өзгерткен жоқ. Дегенмен египет басшылығы өзінің байланысын жалғастыруға тырысты.

Мұбарак Шарон қарсыластығы Египет үшін сәтсіз екенін әуел бастан-ақ түсінген. Өйткені Египет аймақтық жетекшілік беделінен айырылу қаупі төнетінін білді. Мысыр президенті өз бағытын күрт өзгертуден бас тартты. Египет Шарон үкіметімен байланысын Дани Аялон кеңсесі арқылы жүргізді.

Дегенмен, әлі күнге дейін екі ел арасында қатынасты қалпына келтіру туралы келісімнің сауда, мәдени және туристік салаларға қатысты іске асырылмаған тұстары да бар. Бұл пункттерді орындауға мысырлықтар тарапынан қарсыластық кездесіп отыр. Туристік фирмалар алдында Израилге баруға талпынатын адамдардың аздығы көлденең тартады. Израиль тауарларына деген бойкот көптеп ұшырасады. Көптеген мысырлық

бизнесмендер израиль құрал-жабдықтарын сатып алуға қауіптенеді. Өйткені олар жұмысшылар оларда жұмыс істеуге келіспейді деп сескенеді. Сондай-ақ Египетте израилдік авторлардың кітаптарын кездестірмейсіз. 1995 жылы қаңтарда «аль-Ахрам» газеті жүргізген сауалнамада қатысқандардың 71% израиль тауарларын мүлдем сатып алмайтындығын, тіпті израилдік азаматтардың Мысырға келуін қаламайтыны көрсетілген.

Екі ел арасындағы ұялаған сенімсіздік, бір-біріне күдіктене қарау тату көршілік қатынаста болуға кедергі келтіреді. Екі мемлекетте бір-бірінің әскери күш-қуатының өсуінен сескенеді. Каир басты аймақтағы басты стратегиялық қауіпті Израиль тарапынан әлі де байқап отыр. Египеттіктерді алаңдатын негізгі мәселе – израилдіктерде ядролық қарудың болуы. Мысыр Израильді Ядролық қаруды таратпау туралы шартқа (ЯҚТШ) қол қояудан бас тартқаны үшін айыптап, ядролық нысандарға халықаралық тексеру жүргізуді сұрайды. Египеттік дипломаттар еврейлердің қолында ядролық қарудың болуы аймақтағы басқа да елдерге де таралуы мүмкін деп қауіптенеді. Египет Таяу Шығыстың жаппай қырып-жою қару-жарағынан босатылған азат аймаққа айналуын қолдайды. Әрі бұл жетекші араб елі 1990 жылы ұсыныс білдіргеннен бері ЯҚТШ-ға қатысушы болып табылады. Бірақ 1997 жылдың аяғынан бастап египет басшылығы өзінің ядролық бағдарламасын қайта іске қосты. Аргентинаның көмегі арқылы Аншаста ядролық реактор құрылысы қайта іске қосылды.

Өз кезегінде Израиль ЕАР-дың соғыс күшінің өсіп кетуінен қауіптенеді. Оларды Мұбарактың Мысыр қарулы күштерін күшейтуге және жаңашаландыруға арналған бағыты қатты ойландырады. Өйткені АҚШ-тан жыл сайын алынатын 2,1 млрд доллар көлеміндегі көмектің 1,3 млрд әскери қажеттілікке жұмсалады. Сонымен қатар Египет 1990 жылдан бастап қару жару-жарақ сатып алу көлемі жағынан аймақтағы ірі мемлекет болып табылады. Сондай-ақ Египет қанша экономикалық және әлеуметтік қиындықтарды басынан өткерсе де, өз қарулы күштерін қайта құруға және жабдықтауға қаражат аямайды. Сондықтан да саны жағынан да, сапасы жағынан да бүгінде израилдік әскермен теңесіп отыр.

Сондай-ақ израилдік саясаткерлерді ЕАР-ғы демографиялық жағдайдың күрт өсуі қатты мазалатады. 2001 жылы Египеттің халқы 70,6 млн адамға жетті, ал болжаулар бойынша 2015 жылы халық саны 78,7 млн адамға, 2030 жылы 92 млн адамға жетуі мүмкін. Ал адамның ту-

ылуын реттеуге бағытталған үкіметтік бағдарлама радикалды фундаменталистердің үкіметке қарсы ұстанымдарын төмендеткен жоқ, керісінше күшейте түсті. Осындай шартта елдегі экономикалық, әлеуметтік жағдайдың шиеленісе түсетіні сөзсіз, ал бұл Израильге қас жау – радикалды ислам күштерінің билікке келуіне жағдай туғызады. Ал олардың билікке келуі израильге соғыс өртінің тұтану қаупін әкеледі.

Египет-израиль қатынас сипатына 2001 жылы мамырда Египет сыртқы істер министрінің ауысуы әсер етті. Израильге қатысты қатаң позиция ұстанған Амр Мұса Египетте де, Таяу Шығыста да жақсы танымал министр. Мұса мен Шарон арасындағы жеке бастарына қатысты қайшылықты байланыс кездесудің бірінде Мұсаның қол беріп амандасудан бас тартуынан туындаған болатын. Оның орнына тағайындалған Ахмед Махер – өте сабырлы саясаткер, әрі ізашары сияқты өз ісінің маманы. Кейбір араб дипломаттарының пікірінше, Мұбарак сыртқы саяси стратегиясын өзгертуді жоспарлап, министрді ауыстырды. Амр Мұсаны АЕЛ-на бас хатшылыққа ұсыну елдің сыртқы саяси мақсаттарына қол жеткізудегі тиімді әрекет болып саналды.

Екі ел арасындағы қатынастың өрби түсуіне Мысырдың Израильге табиғи газ тасымал бастауы арқа болды. 2005 жылғы келісім бойынша табиғи газ әл-Ариш (солтүстік Синай) қаласынан израилдік Ашкелон қаласына тасымалдана бастады. Құжат бойынша Мысыр он бес жыл бойы жылына 1,7 млрд текше метр көлемінде Израильді табиғи газбен қамтамасыз етуі тиіс. Бұл келісім негізінде жоба Египетке 2,5 млрд АҚШ доллар кіріс әкеледі деп жоспарланды.

2008 жылы 10 наурызда Египет Израильді Таяу Шығыстағы бейбіт үдерісті үзді деп айыптады. Мысыр Израильдің Иерусалим маңындағы Гиват-Зеев еврей қонысында жаңа үйлер салғанына қарсы болды. Мысыр СІМ Израильдің қоныстық белсенді бұл әрекеті халықаралық құқық пен БҰҰ-ның шешіміне қарсы деп ұйғарды. Әрі бұл аймақта әділетті бейбітшілік орнатуға мүмкіндік қалдырмайды деп пікір білдірді.

Бұл салқындықты жылыту мақсатында Египет басшылығы Израильге шақырылған болатын. Бірақ екі ел арасындағы бейбітшілікті сақтау маңыздылығы Израиль премьер-министрі Биньямин Нетаниягу 2009 жылы сәуірде Египет президентінің Шарм-әл-Шейхтегі кездесуі барысында қайта талқыланды.

2009 жылы 21 маусымда Израильдің Қорғаныс министрі Эхуд Баракпен Мысыр

президенті Хосни Мұбарак және мысыр барлау қызметінің басшысы Омар Сүлейманмен Каирде кездесу өтті. Кездесу барысында Барак 2006 жылы Палестина тарапынан ұсталған ЦАХАЛ әскери қызметкері Гилад Шалит тағдыры туралы сөз қозғады. Сондай-ақ палестиналықтар Израильді еврей мемлекеті ретінде толық мойындайтын болса палестина-израиль бейбіт келісімін қайта жандандыруға дайын екендіктерін білдіртті.

Хосни Мұбарактың Израиль үкіметімен соңғы палестина-израиль шиеленістерін реттестіру жолындағы кездесулерінің бірі 2010 жылы

8 маусымда Каирде өтті. Бұл кездесуге мысыр барлау қызметінің басшысы Омар Сүлейман мен Нетаниягудың кеңесшілері Узи Арад пен Ицхак Молхо қатысты. Кездесу барысында Израиль премьер-министрі Мысырды шиеленісті бейбіт жолмен шешуде және де аймақты қауіпсіздікпен қамтамасыз етуде қызығушылық танытатын араб елі екендігін атап өтті.

Осылайша Таяу Шығысының негізгі акторлары саналатын екі ірі мемлекеттің аймақтағы көздеген мүдделері палестина мәселесіне, аймақтағы қауіпсіздік пен тұрақтылықты қамтамасыз ету мәселелерінде үнемі тоғысып отырады.

### Әдебиеттер

- 1 Меир Хатина. Египетско-израильский мирный договор: Процесс и результаты. – Иерусалим: Тезна, 2002. – 15 с.
- 2 Грядунов Ю. Ближневосточный конфликт в 1978 г. //Международный ежегодник: политика и экономика. – М., 1979. – 229 с.
- 3 Дмитриев Е. Ближневосточный конфликт в 1982 г. // Международный ежегодник: политика и экономика. – М., 1983. – 213 с.
- 4 Хрейзат Мохаммад Ахмад. Ливанско-израильские отношения: автореферат диссертации: 07.00.03. – М., 1998. – 12 с.
- 5 Washington Reports on Middle East Affairs. March 18. 1985. – 3 p.
- 6 1993. السياسة الدولية. أبريل.
- 7 Сатановский Е.А. Израиль в современной мировой политике: вероятные стратегические противники и стратегические партнеры. – М., 2001. – 65 с.
- 8 Oslo I Agreement. Declaration of Interim Self-Government Arrangements. – 1993. – September, 13 // www.mfa.gov.eg
- 9 Шимон Перес. «Новый Ближний Восток». Приложение: Речь на сессии Генеральной Ассамблеи ООН от 28 сентября 1993 года.
- 10 Egypt Magazine. Mubarak's Visits to US, France, Algeria Revive ME Peace Process, Enhance Partnership Issue № 18. – Summer, 1999.

### References

- 1 Meir Hatina. Egypetsko-izraillskii mirniy dogovor: Process i rezultaty.-Ierusalim:Teyena, 2002.-15 s.
- 2 Gryadunov Y. Blizhnevostochniy conflict v 1978 g.//Mezhdunarodnyi ezhegodnik: politica i economica.-M., 1979.-229 s.
- 3 Dmitriev E. Blizhnevostochniy conflict v 1982 g.//Mezhdunarodnyi ezhegodnik: politica i economica.-M., 1983.-213 s.
- 4 Hreizat Mohammad Ahmad. Livinsko-izraillskie otnosheniya: avtoreferat dissertaci: 07.00. 03 –M., 1998.-12 s.
- 5 Washington Reports on Middle East Affairs. March 18. 1985. – 3 p.
- 6 As-Siyasa ad-dauliyya6 apre16 1993
- 7 Satanovskii E.A. Israil v sovremennoi mirovoi politike: veroyatnye strategicheskie protivniki i strategisheskie partnery.-M., 2001. – 65 s.
- 8 Oslo I Agreement. Declaration of Interim Self-Government Arrangements.- 1993.-September, 13. www.mfa.gov.eg
- 9 Shimon Peres. «Novyi Blizhnyi Vostok». Prilozhenie: Rech na sessii Generalnoi Assamblei OON ot 28 sentyabrya 1993 goda.
- 10 Egypt Magazine. Mubarak's Visits to US, France, Algeria Revive ME Peace Process, Enhance Partnership Issue № 18.- Summer, 1999.